

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК  
«Электроника және ақпараттық технологиялар» бөлім жиналысының  
№3 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар саны: 20

Өткізілген күні: «14» «11» 2024ж.

Өткізілген орны: 314

**Күн тәртібінде:**

1. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдығының барысы;
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында оқытушылармен, студенттермен, ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы;
3. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның баптары
4. Әр түрлі сұрақтар

**Тындалды:**

Бөлім меңгерушісі Қанат Әбдіқалықұлы сөз алып күн тәртібімен оқытушыларды және топ жетекшілерін таныстырып, жиналысты ашты. 2024-2025 оқу жылының I – семестрінің барысы бойынша түсіндірме жұмыстары атап айтқанда студенттердің сабаққа түгел әрі толық қатысуы, киім үлгісі, ішкі мәдениетті қатаң сақтау мәселелеріне тоқталып өтті.

«Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін тәрбиелеуде ата – аналардың рөлі қандай?!», сонымен қатар «Оқытушылар, студенттер сыбайлас жемқорлық қағидаларын қаншалықты сақтап жүр?» тақырыптарында талқылау жүргізілді. Заңсыз ақшалай қаражат жинамаудың алдын алу туралы айтылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сабақтан тыс уақытында, демалыс және мереке күндерінде ата – аналар оқытушыларды бақылаудан жібермеу, қадағалау туралы. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында (ҚР Әкімшілік Кодексінің баптары) түсіндіру. Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау басты мақсаттардың бірі екені жәіне оған барынша атсалысу туралы айтылды.

Бөлім меңгерушісі Қанат Әбдіқалықұлы топ жетекшілерге студенттердің толық сабаққа қатысуы, киім үлгісі, студенттермен тығыз жұмыс жүргізу жұмысын күшейтуді талап етті.

Әр түрлі мәселелер. Бөлім меңгерушісі Қанат Әбдіқалықұлы жиналыс соңында әр - түрлі мәселелерге тоқталып, оқытушылар тарапынан сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.

**Қаулы:**

1. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдығының барысы бойынша студенттердің сабаққа қатысу үлгерімі мен оқу үлгерімі қатаң қадағалауға алынсын. Сабақтан себепсіз қалатын студенттерді түзету жұмыстары нығайтылсын. Колледжішілік тәртіп қатаң түрде сақталсын.

2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша комплаенс-қызмет жұмыс тобының жоспары негізінде өткізілетін жұмыстардың барлығына толық атсалысу қамтамасыз етілсін. Сыбайлас жемқорлық мәдениетін, қағидаларын қатаң сақтау барлық оқытушылар мен студенттерден талап етіледі.
3. Әрбір берілген тапсырма уақытылы және жауапкершілікпен атқарылсын.

Бөлім меңгерушісі:

Жиналыс хатшысы:



Қ. Әбдіқалықұлы

Б.Алтынова

